

# ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 100 СҰРАҚ



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ОРТАЛЫҚ «НҰР ҒАСЫР» МЕШІТІ  
ҰСЫНАДЫ**

Ақтөбе қаласы – 2020 жыл

## ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 100 СҰРАҚ

### 1. Сұрақ: «Саум», яғни «ораза» сөзінің анықтамасы қандай?

**Жауап:** «Саум» араб тілінде барлық нәрседен тыйылу деген мағынаны білдіреді. Ал, шарифаттағы мағынасы таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ниетімен ішіп-жеуден және төсек қатынасынан тыйылу.

### 2. Сұрақ: Рамазан оразасы қашан парыз болды?

**Жауап:** Рамазан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеден Мадинаға hijрет еткеннен кейін hijраның екінші жылы, шағбан айының бірінші дүйсенбісінде парыз болды. Бұл миләди жыл санағымен 623 жылдың 7 ақпанына сәйкес келеді. Осы сәттен бастап мұсылмандар Рамазан айында парыз оразаны ұстай бастады.

### 3. Сұрақ: Алла Елшісі (с.ғ.с.) өмірінде неше жыл ораза ұстаған?

**Жауап:** Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірінде тоғыз рет ораза ұстаған.

### 4. Сұрақ: Ислам дініндегі оразаның үкімі қандай?

**Жауап:** Рамазан айында ораза ұстау әрбір балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс мұсылман ер мен әйелге парыз. Құранда: *«Уа иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза сендерге де парыз болды, бәлкім сақтанарсыңдар»*, – деген. (Бақара, 183). Рамазан айынан басқа уақытта тұтылған ораза ерікті болып есептеледі.

### 5. Сұрақ: Оразаның қандай түрлері бар?

**Жауап:** Оразаның бірнеше түрі бар. Олар: парыз, уәжіп, сүннет, мәнлуб және мәкрүһ оразалары.

### 6. Сұрақ: Ораза қай уақыттан қай уақытқа дейін ұсталады?

**Жауап:** Таң намазының уақыты кіргеннен бастап күн батқанға дейін. Сақтық үшін таң намазына 10 минут қалғанға дейін сәресін ішіп ауыз бекіткені абзал. Ақшам намазының уақыты кіргенде ауыз ашады.

### 7. Сұрақ: Рамазан айындағы оразаға ниет етудің үкімі және ниет етудің уақыты бар ма?

**Жауап:** Оразаға ниет ету – парыз. Құранда: *«Олар гибадатты, нағыз Аллаға шынайы ықыласпен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары және зекет берулері үшін әмір етілген»*, – делінген. Рамазан оразасына ниет ету ақшам намазынан басталып, ораза ұстайтын күннің сәске, яғни таң уақыты кіргенге дейін жалғасады. Ал, сәресі уақытында ниет етпей ұйықтап қалған жағдайда, таңертең еш нәрсе ішіп-жемеген болса, бесін намазына дейін ниет етуіне болады. Десе де ең дұрысы түнде, сәресі уақытында ниет ету.

### 8. Сұрақ: Рамазан оразасының әр күніне бөлек ниет ету шарт па, әлде айдың басында ниет ету жеткілікті бола ма?

**Жауап:** Оразаның әрбір күні өз алдына бөлек ғибадат. Сондықтан, әр күнге жеке ниет ету шарт.

**9. Сұрақ: Ауыз бекітер алдында не айту қажет?**

**Жауап:** Ниетті тілмен айту – мұстахап. Оразаға былай ниет етіледі: *«Нәуәйту ән асуумә саума шаһри рамадаанә минәл фәжри иләл мәзриби хаалисан лилләәһи таъааләә»*.

Мағынасы: «Алланың разылығы үшін рамазан айының оразасын таңнан кешке дейін ұстауға ниет еттім».

**10. Сұрақ: Ауыз ашар алдында қандай дұға оқылады?**

**Жауап:** Ауызашар батасы оқылады: *«Аллаһумма ләкә сумту, уә бикә әмәнту, уә әләйкә тәуәккәлту, уә ғәләә ризқикә әфтарту, фағфир лии мәә қаддәмту уә мәә аххарту»*.

Мағынасы: *«Аллаһым, Сен үшін ораза тұттым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім және де Сен нәсіп еткен ризықпен ауызымды аштым, менің өткен және болашақ күнәларымды кешір»*.

**11. Сұрақ: Ораза кезінде немен айналысқан жақсы?**

**Жауап:** Ораза дегені тек ішіп-жеуден ғана тыйылу емес. Ораза ұстаушы барлық ағзаларына да ораза ұстатуы тиіс. Яғни, тілімен өсек айтпау, қолымен біреуге зиян жеткізбеу, көзімен бөгде әйелге сұқтанып қарамау т.б. Сондай-ақ, құлшылыққа ден қойып, садақа беру, адамдарға жақсылық жасау, Құран оқу қажет.

**12. Сұрақ: Сәресіне ұйықтап қалып, күні бойы ешнәрсе ішіп-жемесе, ораза ұстаған болып санала ма?**

**Жауап:** Сәресіне ұйықтап қалған адам ұйқысынан тұрғанда ниет етіп оразасын жалғастырады. Ең бастысы таңертең ешнәрсе ішіп-жемеуі және түске дейін ниет етіп үлгеруі тиіс. Әсілі, сәресіне тұруға әрекет еткен жөн. Себебі сәресінің сауабы мол. Хадисте: *«Сәресіде береке бар, оны тастамаңдар! Тіпті бір жұтым су болсада ішіңдер. Себебі Алла Тағала мен періштелер сәресі ішкен адамға салауат айтады»*, – деген.

**13. Сұрақ: Жалпы сәресіне тұрмай ораза ұстауға бола ма?**

**Жауап:** Ия, сәресіне тұрмай-ақ ораза тұтуға болады. Алайда, *«...Бір жұтым су ішсеңдер де оны үзбеңдер. Өйткені, Алла Тағала мен періштелер сәресіге тұрғандарға жақсылық тілейді»*, – деген пайғамбарымыздың өсиеті бар. Сонымен қатар сәресіне тұрып ас ішу немесе ең болмаса су ішу не құрма жеу күні бойғы тіршілікте адамға қуат береді. Нәтижеде ораза ұстауда түрлі қиындықтардың алдын алуға септігін тигізеді.

**14. Сұрақ: Сәресі уақыты өтіп кетсе де білместікпен ішіп-жеп қойса не болады?**

**Жауап:** Бұндай жағдайда оразасын әрі қарай жалғастырады. Алайда, кейін сол күнгі оразаның қазасын өтеуі тиіс.

**15. Сұрақ: Таң намазынан соң күн шыққанға дейін ішіп-жеуге бола ма?**

**Жауап:** Таң намазы кірген соң ішіп-жеуге болмайды. Құранда: *«...таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) айрылғанға дейін ішіңдер, жеңдер де сонан соң оразаны кешке дейін толық орындаңдар»*, – делінген (Бақара, 187).

**16. Сұрақ: Ораза ұстаушы ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылады ма?**

**Жауап:** Тамақ яки суды ұмытып ішіп қою – оразаны бұзбайды. Себебі ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзатын амалдардан емес. Ондай адам оразасын жалғастырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Аузы берік адам ұмытып ішіп-жесе, оразасын бұзбай толықтырсын. Өйткені, оған жегізген де, ішкізген де Алла»*, – деген. Алайда, ораза екендігі есіне түскен сәтте бірден ішіп-жеуін дереу тоқтатуы шарт.

**17. Сұрақ: Рамазан айында ораза екендігін біле тұра ішіп-жесе не болады?**

**Жауап:** Бұндай жағдай каффаратты қажет етеді. Яғни, жаза ретінде 60 күн арасын үзбей ораза ұстау міндет болады. Егер ораза ұстауға денсаулығы жарамсыз болса, 60 кедейдің қарнын тойдыру арқылы жазасын өтейді. Жалпы біле тұра оразаны бұзу үлкен күнә. Себебі, бұл парыз амал. Ал, біле тұра басталған парызды бұзу Аллаға қарсы шығумен тең. Сондықтан бұндай күнәдан барынша сақтану керек.

**18. Сұрақ: Ауызашар уақыты кірді деп ойлап ішіп-жеп қойса, бірақ әлі күн батпаған болса оразасы дұрыс бола ма?**

**Жауап:** Өкінішке орай, ауызашар уақыты кірмей ішіп-жеу оразаны бұзады. Сондықтан сол күнгі қазасын өтейді. Себебі оразаның уақыты таң сәріден күн батқанға дейін.

**19. Сұрақ: Ауызашуға асығуға бола ма?**

**Жауап:** Хадисте: *«Менің ең жақсы көретін құлдарым – ауыз ашуға асыққандары»*, – деген. Сондықтан ауыз ашуға асығу дінімізде мұстахаб амалға жатады. Сонымен қатар ауызашар уақыты кіргенде жолда көлікте болса, бір жұтым сумен не бір түйір құрмамен болса да кешіктірмей ашқаны абзал.

**20. Сұрақ: Ауызды немен ашқан дұрыс?**

**Жауап:** Хадисте: *«Кімде құрма болса сонымен ауыз ашсын, ал кімде ол жоқ болса, сумен ашсын, расында су – тазартушы»*, – деген.

**21. Сұрақ: Ораза ұстаушының ұмытып тамақ жеп тұрғанын көрген адам не істейді?**

**Жауап:** Егер, ораза ұстаған адам жас не бойында оразасын жалғастыра алатындай әл-ауқатты кісі болса оған ескерту міндет болады. Ал әл-ауқаты жоқ яки жасы үлкен қарт адам болса үндемеген абзал. Себебі хадисте: *«...Өйткені, оған жегізген де, ішкізген де Алла»*, – делінген.

**22. Сұрақ: Өткен жылдан қалған қаза оразасы бар адам биылғы Рамазан айы келіп қалғанда не істеуі керек?**

**Жауап:** Негізі қаза болған оразаны кешіктірмей өтеу қажет. Себебі Рамазан айында ораза ұстау парыз болса, оның қазасы да парыз. Сондықтан парыз болған оразаның қазасын тезірек, арасын үзбей немесе бөліп-бөліп өтеуіне рұқсат. Алайда биылғы Рамазан айына дейін өтелмеген болса, әуелі уақыты келіп тұрған Рамазан оразасын ұстайды. Кейін Рамазан айы біткен соң қазасын өтейді.

**23. Сұрақ: Намаз оқымайтын адам ораза ұстай алады ма?**

**Жауап:** Әрине, болады. Ораза – Исламның бес парызының бірі. Намаз бен Ораза екеуі екі түрлі ғибадат. Сол себепті, ниет етіп ораза ұстаған дұрыс.

**24. Сұрақ: Денсаулыққа тигізетін пайдасын ойлап, «бір ай ауыз бекітсем организмім тазарып, жақсы болады» деген оймен ауыз бекітуге бола ма?**

**Жауап:** Бұндай ниетпен ауыз бекітіп ораза ұстаған адамның оразасы дұрыс емес. Ауыз бекітудегі басты мақсат Алланың разылығы болуы керек. Ондай адамдар сауаптан құр қалады. Ауыз бекіту адам организміне белгілі бір деңгейде пайдасын тигізетіні сөзсіз. Алайда арықтау, денсаулығын жақсарту үшін ораза ұстау – Аллаға құлшылық жасау емес, адамның өз жеке басының мәселесін ойлағаны болады. Ниеті Алла разылығы үшін болса, сол ықыласына сай Алла Тағала оның ауру-сырқауына шипа береді.



**25. Сұрақ:** Рамазан айында кімге ораза тұтпауға рұқсат етіледі?

**Жауап:** Алыс сапарға жолға шыққан жолаушыға, ораза ұстаса ауруы асқынып кететін науқасқа, емізулі анаға және жүкті әйелге Рамазан оразасын тұтпаса болады.

**26. Сұрақ:** Ораза тұтпау рұқсат етілген кісілер ұстамаған оразасының қазасын өтейді ме?

**Жауап:** Иә. Жолаушының сапары аяқталған соң, науқас жазылған соң, ана баласын емшектен шығарған соң және жүкті әйел босанып, нифас қанынан тазарған соң қазасын өтейді.

**27. Сұрақ:** Сапарда яки ауруына байланысты оразаны уақытында тұта алмай, Рамазаннан кейін де уақыты бола тұра тұтпаған адамға ажал келсе не істеуі керек?

**Жауап:** Алладан кешірім тілеп, тәубе жасайды. Артында қалған ұрпақтарына тұтпаған оразасы үшін әр күніне екі мезгіл бір міскінді, жарты сағ (2 кг) бидай (ұн, талқан) немесе бір сағ (4 кг) құрма немесе арпамен тамақтандыруды өсиет етеді.

**28. Сұрақ:** Рамазан айында есінен танған адамның үкімі қандай?

**Жауап:** Рамазан айында ораза тұтуға ниет етіп, күндіз есінен танып қалса, бұл күннің қазасын өтеу парыз емес. Есінен тануы көпке созылса айыққан соң кейінгі күндердің қазаларын өтейді.

**29. Сұрақ:** Рамазан айында жынды адамның ақылы кірсе не істейді?

**Жауап:** Қалғанын тұтып, өткен күндерінің қазасын өтейді.

**30. Сұрақ:** Екі күн қатарынан тоқтамай, ауыз ашпастан ораза тұтуға бола ма?

**Жауап:** Жоқ, болмайды. Хадисте: *«Ауыз ашпастан ораза ұстамаңдар, кімде кім осылай істегісі келсе, таң алдында тамақ жесін»*, – деген.

**31. Сұрақ:** Оразаны бірнеше күн ғана ұстаса бола ма? Мысалы, басында үш күн, аяғында үш күн.

**Жауап:** Жоқ, олай ұстауға тиым салынған. *«...Санаулы күндерде. ...Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын»*. (Бақара, 183-185).

**32. Сұрақ:** Ораза кезінде мені басқа қалаға іс-сапарға жібереді. Сол кездері оразамды тоқтата тұрсам бола ма?

**Жауап:** Алла Тағала сапардағы адамға оразасын тоқтатуға рұқсат берген. Тіпті ол адам сапарда ешқандай қиындық көрмесе де. Алайда қаза болған оразаңызды өтейсіз. *«Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла Тағала сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық қаламайды»*. (Бақара, 185).

**33. Сұрақ:** Рамазан айының қазасын үздіксіз түрде тұту керек пе?

**Жауап:** Үздіксіз тұту шарт емес. Қаласа бөліп, қаласа үздіксіз жалғастырып ұстайды.

**34. Сұрақ:** Іс-сапарға шыққанда оразамды жалғастырып ұстай беруге бола ма?

**Жауап:** Ия, ұстай беруге болады. Хамза ибн Амр әл-Әсләми (р.а.) былай деп сұрайды: *«Ей Алланың Елшісі, сапар кезінде ораза тұтуға күшімнің жететінін білемін. Егер ораза ұстар болсам ол күнә болып саналады ма?»*. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Бұл Алла Тағаланың берген жеңілдігі, кім қаласа амал етсін, ал егер кімде кім ораза ұстар болса, күнә болып саналмайды»*.

**35. Сұрақ: Ораза кезінде сүндетке отырғызуға (той жасауға т.б.) бола ма?**

**Жауап:** Ия, ораза уақытында баланы сүндетке отырғызуға болады. Тіпті, той да жасай алады. Бірақ, қонақтарға арналған дастарханды ауыз ашқаннан соң жайған жөн.

**36. Сұрақ: Ораза кезінде спортпен шұғылдануға бола ма?**

**Жауап:** Әрине, болады. Дегенмен ораза кезінде ағзамыздың әлсіреп тұратындығын ескеру қажет. Мүмкіндігінше ораза кезінде үзіліс жасай тұрған дұрыс.

**37. Сұрақ: Ораза уақытында сағыз шайнаса бола ма?**

**Жауап:** Жоқ, болмайды. Сағыздың дәмінен тәтті сұйықтық бөлініп, асқазанға түсетіндіктен ораза бұзылады.

**38. Сұрақ: Ораза кезінде крем жағуға бола ма?**

**Жауап:** Терідегі ұсақ тесіктер арқылы ет пен терінің арасына сіңетін заттар оразаны бұзбайды. Мысалы, крем жағу, май жағу, судың ішінде ұзақ тұру, жараның бетіне дәрі таңу т.б. Тек крем не майды жаққан кезде тым қалыңдатпаған жөн. Себебі, қалың жағылған крем не май дәрет алғанда суды теріге жеткізбеуі мүмкін. Ал теріге су тимеген соң дәрет дұрыс болмайды.

**39. Сұрақ: Рамазан айында әйел кісілерге боянуға, түрлі лак немесе жақпаларды қолдануға бола ма?**

**Жауап:** Расында оразаны сырттан ішке кірген нәрселер бұзады. Сондықтан қолға, бетке жағылған түрлі жақпаларды, лак т.б қолдану оразаға кедергі емес. Алайда аталмыш майлар, лактар су өткізбейтін болғандықтан құлшылық үшін алынатын дәреттен бұрын сүртіп не өшіру қажет болады.

**40. Сұрақ: Көзге, құлаққа және мұрынға дәрі тамызу оразаны бұза ма?**

**Жауап:** Көзге дәрі тамызу оразаны бұзбайды. Ал мұрынға және құлаққа дәрі тамызу оразаны бұзады. Демікпе ауруымен, аллергиямен ауыратын кісілер тыныс жолдарын ашу үшін спрей қолданатын болса және спрейді мұрынға шашқанда өңеш арқылы ішке кірмей мұрын қуысында не тыныс жолдарында қалатын болса ораза бұзылмайды. Деседе оразаның бұзылу қаупі жоғары болғандықтан мүмкіндігінше сәресіне дейін не ауыз ашқаннан кейін дәрілерді қолданған дұрыс.

**41. Сұрақ: Оразада тамаққа жіберіп алмай тіс пастасымен ауыз тазалауға бола ма?**

**Жауап:** Тіс пастасын пайдалануға болады. Алайда мәкруһ болып есептеледі. Тіс пастасымен тісті тазалаған кезде оның дәмі толықтай ауыздан кетпейінше түкірікті жұтуға болмайды. Тіс пастасының асқазанға түсуі – оразаны бұзады. Тазалап болған соң ішке су кетіп қалмауын қадағалай отырып, мұқият ауызды шайқау қажет. Тіс пастасының орнына сүннет болып табылатын мисуакты қолданған абзал.

**42. Сұрақ: Соңғы кездері тісім жиі қанап кете береді. Қанаған мезетте аузыма түкірігімді жинап түкіріп тастаймын, кейде ұмытып кетіп жұтып қоямын. Осындай жағдайда оразам бұзыла ма?**

**Жауап:** Егер тіс қанаған жағдайда қанның көлеміне қаралады. Дәмі білінбейтіндей дәрежеде түкіріктен аз мөлшерде болса ораза бұзылмайды. Себебі мұндай жағдайдан сақтану қиын. Алайда қанның көлемі түкірікпен бірдей не одан көп болса және оны жұтатын болса ораза бұзылады. Кейін қазасын өтеу қажет болады. Сондықтан қолдан келгенше сақтанған жөн.

**43. Сұрақ: Ораза кезінде күндіз шылым шегуге бола ма?**

**Жауап:** Жоқ, болмайды. Шылым шегу оразаны бұзады.

**44. Сұрақ: Оразада насыбайға рұқсат беріле ма?**

**Жауап:** Насыбайға да рұқсат етілмейді. Себебі ол есенгіретуші зат болып табылады. Сондай-ақ, оразаны бұзады.

**45. Сұрақ: Ораза кезінде шомылуға бола ма (душ, ванна)?**

**Жауап:** Ия шомылуға болады. Алайда қажет жағдайда ғана. Алла Елшісі (с.ғ.с.) ораза кезінде ыстығын басу үшін тісін мисуакпен тазалап, басына су құйған. Бірақ ауыздан және мұрыннан су кіріп кетпеуін қадағалау шарт. Себебі мұрыннан не ауыз қуысынан бір тамшы болса да су кірсе ораза бұзылады. Ал ораза кезінде көлге, өзенге түспеген абзал. Себебі мұрыннан не ауыздан су кіріп кету қаупі жоғары. Сондықтан суға сүнгіп шомылу қауіпті. Қосымша, ораза кезінде моншаға да баруға рұқсат болса да, адамды әлсірететіндіктен және буға кірген уақытта ішке су кіріп кету қаупі жоғары болғандықтан ораза уақытында моншаға да бармаған абзал.

**46. Сұрақ: Ораза уақытында аузымды жай ғана шайқаса бола ма?**

**Жауап:** Ораза кезінде ауыз қуысы мен мұрынды сумен шайқау – оразаны бұзбайды. Егер суды жұтып қойған болса, ораза бұзылады. Бірақ сол күнгі оразаның қазасын өтейді. Хадисте: *«Ораза кезінен тыс уақытта мұрныңды жақсылап шайқа»*. Демек, ауыз бен мұрынды ғарғара етіп шаюға болмайды.

**47. Сұрақ: Дәрет алып жатқанда байқамай тамақтан су кетіп қалса ораза бұзыла ма?**

**Жауап:** Ораза екендігін біле тұра тамағынан немесе мұрын қуысынан байқаусызда болса да су кірсе оразасы бұзылып қазасын өтеуі міндет болады. Алайда, ақыры оразам бұзылды ғой деп ішіп-жеуіне болмайды.

**48. Сұрақ: Ораза уақытында тырнақ алып, шаш кесуге бола ма?**

**Жауап:** Тырнақ пен шаш алуға болады. Оразаға кедергі емес.

**49. Сұрақ: Ораза уақытында гүл сияқты хош иісті өсімдіктерді иіскеуге бола ма?**

**Жауап:** Гүл, әгір сияқты хош иісті заттарды иіскеу оразаны бұзбайды. Сонымен қатар түрлі иіс суларды пайдалану да оразаны бұзбайды. Алайда темекі сияқты заттардың түтінін әдейі иіскеу оразаны бұзады.

**50. Сұрақ: Ораза кезінде күндіз әйеліммен жақындасып қойсам не болады?**

**Жауап:** Рамазанда күндізгі уақытта әдейі жақындасқан жағдайда ерлі-зайыптылардың оразасы бұзылады. Оны өтеу үшін екі ай арасын үзбей толық ораза ұстау парыз болады. Ал егер оған шамасы жетпесе 60 міскінді тамақтандырады. Алайда ұмытып жақындасып қойған болса, ораза бұзылған болып саналмайды.

**51. Сұрақ: Оразада ауыз ашқаннан соң ерлі-зайыптыларға жақындасуға бола ма?**

**Жауап:** Иә. *«Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді»*. (Бақара, 187).

**52. Сұрақ: Ораза кезінде әйелінді (күйеуінді) құшақтап, сүйеге бола ма?**

**Жауап:** Айша анамыз (р.а.): *«Оразада Пайғамбар жарларын құшақтап, сүйетін еді, алайда ол өз-өзін сендердің кез келгендеріңнен мықты ұстайтын»*, – деген. Бұл жерде ескеретін жағдай, егер әйелін сүйгенде шәует бөлініп кетпейтініне және жыныстық қатынасқа түсіп кетпейтініне



сенімді болса, сүюіне рұқсат. Сенімді болмаса, сақтанған жөн. Ал, баланы иіскеп сүюдің еш сөкеттігі жоқ.

**53. Сұрақ: Ораза уақытында тамақтан жаңбыр тамшысы кірсе ораза бұзыла ма?**

**Жауап:** Егер еріксіз кірсе бұзылмайды. Ал әдейі жұтатын болса оразасы бұзылып, каффарат өтеуі шарт болады.

**54. Сұрақ: Қандай ауру түрлері ораза ұстамауға негіз бола алады?**

**Жауап:** Адам баласы әдетте шыдай алмайтындай деңгейде ауырса, не болмаса ауру адам ораза ұстап, оразасы өміріне қауіп төндіретіндей деңгейде болса ораза ұстамауға негіз болады. Ауруынан айыққан соң әр күнге бір күн қазасын өтейді.

**55. Сұрақ: Ораза кезінде тамырға немесе денеге ине (укол) егу оразаны бұза ма?**

**Жауап:** Егер ине егу арқылы адамның бойына жіберілетін дәрінің құрамында дәрумендер болып немесе ол дәрі-дәрмек азық болып, адам ағзасына қуат беретін болса болмайды. Мұндай дәрі-дәрмекті ауызды ашқаннан кейін пайдаланған жөн. Ал енді ем үшін салынатын дәрі-дәрмектің құрамында дәрумен болмаса және ол адам ағзасына қуат бермесе оразаны бұзбайды. Бірақ, мүмкін болса ауызашар уақытына дейін кешіктірген абзал.

**56. Сұрақ: Қан алдыру немесе хижам жасату оразаны бұза ма?**

**Жауап:** Ораза кезінде түрлі себептермен денеден қан алдыру немесе емдік мақсатта хижам алдыру оразаны бұзбайды. Дегенмен қан алдыру иммунитеттің әлсіреуіне, нәтижеде оразаны бұзуға мәжбүр болатындай қорқыныш болса ораза кезінде қан алдыру мақрұһ яғни қал алдырмаған абзал деген ғалымдарымыз.

**57. Сұрақ: Рамазан айында тіс ауырса оны емдеуге бола ма?**

**Жауап:** Егер тіс емдеу барысында тамақтан дәрі немесе сілекеймен бірге қан кіріп кетпеуін қадағаласа тісін емдеуіне болады.

**58. Сұрақ: Оразада түкірік жұтып қойса ораза бұзыла ма?**

**Жауап:** Түкірік жұту – оразаны бұзбайды. Алайда, түкірікті әдейілеп жинап жұтуға болмайды.

**59. Сұрақ: Тіс арасында қалған тамақты жұтса, оразасы бұзылады ма?**

**Жауап:** Ноқаттың көлемінен кіші, яғни түкірікпен араласып білінбейтіндей дәрежеде кіші болса ораза бұзылмайды. Егер ноқат не бидайдың көлеміндей болып оны жұтса оразасы бұзылады.

**60. Сұрақ: Астың дәмін көру оразаны бұза ма?**

**Жауап:** Тамақтың тұзын тексеру үшін тілінің ұшымен дәмін көріп, кейін аузын шайып түкіріп тастаса оразасы бұзылмайды. Деседе оразаны бұзатындай қауіпті болғандықтан мәжбүр болмайынша дәмін татпаған жөн.

**61. Сұрақ: Асқазанды тексеру үшін медициналық құралды пайдалану (зонд жұту) оразаны бұзады ма?**

**Жауап:** Егер ішке кіретін тарапы құрғақ болса ораза бұзылмайды, ал егер ішке кіретін жағына мазь не болмаса сол секілді заттар жағылса, ораза бұзылады.



**62. Сұрақ: Вагиналды ультра дыбысты зерттеу ораны бұзады ма?**

**Жауап:** Вагиналды УДЗ құрылғысы сыртқы денеге де, қынап жолдарына да қоланылады. Сондықтан аталмыш құрылғыға түрлі жақпаларды қолданып сыртқа пайдаланған жағдайда ораны бұзбайды. Ал егер құрылғының басына жағылған түрлі жақпалар қынап арқылы ішке кіретін болса ораза бұзылады. Сондықтан мүкіндігінше сақ болған жөн.

**63. Сұрақ: Жыныстық қатынас ораны бұзады ма?**

**Жауап:** Ия, бұзады. Себебі, Әбу Хурайрадан жеткен хадисте ораза кезінде әйелімен жыныстық қатынас құрған кісі (с.ғ.с.) осы жайында хабар бергенде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол кісіге сол күннің каффаратын өтеуді бұйырған.

**64. Сұрақ: Жүніп (ғұсылсыз) адамға ораза ұстауға бола ма?**

**Жауап:** Ораза дұрыс болу үшін ғұсыл шарт емес. Сол үшін адам ұйқысынан жүніп болып оянып, таң намазына дейін ғұсыл құйынып үлгере алмаса, оразаға ниет етеді де, алдымен аузын бекітеді. Кейіннен, таң намазын оқу үшін ғұсыл құйынады. Бірақ, ғұсыл алғанда аузы мен мұрнына суды терең тартпайды.

**65. Сұрақ: Ораза ұстаған адам күндіз ұйықтап ихтилам (ұйықтағанда түс көріп, сұйықтық бөліну) болса оразасы бұзылады ма?**

**Жауап:** Аузы берік адам күндіз ұйықтап ихтилам болса оразасы бұзылмайды. Бірақ, ғұсыл алуы парыз.

**66. Сұрақ: Бала босанған әйел ораза ұстаса бола ма?**

**Жауап:** Босанған әйел нифас қаны тоқтағанға дейін ораза ұстай алмайды. Нифас дегеніміз бала босанғаннан кейін келетін қан. Ол 40 күнге дейін созылуы мүмкін. Сондықтан бұл уақыттарда ораза ұстамай кейін қазасын өтейді. Бұл дініміздің әйел кісілерге арналған жеңілдігі.

**67. Сұрақ: Рамазанда әйел кісі хайызынан таң намазына дейін тазарса не істейді?**

**Жауап:** Егер әйел кісі Рамазан айында хайызынан таң намазының уақыты кіргенге дейін тазарса, ораза ұстау міндет болады. Яғни ниет етіп оразын жалғастырады.

**68. Сұрақ: Оразада әйел кісі хайызынан таң намазы кіргеннен кейін тазарса не істейді?**

**Жауап:** Рамазан айында әйел кісі хайызынан таң намазы кіргеннен кейін тазарса, ораза ұстамайды. Алайда Рамазанның құрметі үшін әрі айналасындағы ауыз бекіткен адамдарға құрмет ретінде ас ішпегені абзал. Рамазаннан кейін сол күннің қазасын өтейді.

**69. Сұрақ: Хайызды кешіктіру үшін әдейі дәрі ішкен әйелдің оразасының үкімі не?**

**Жауап:** Егер әйел кісі хайызын кешіктіру үшін дәрі ішіп хайызы келмей ораза ұстаса оразасы дұрыс болып есептеледі. Алайда, бұл әрекеті ағзасына зиян келтірмейтіндігіне сенімді болуы керек. Егерде денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деген күмән болса, бұлай жасамағаны абзал.

**70. Сұрақ: Ораза кезінде етеккір келіп қалған жағдайда не істеу керек?**

**Жауап:** Хайыз келген сәттен бастап ораза ұстауын тоқтатады. Бұл дініміздің әйел кісілерге арналған жеңілдігі. Дегенмен оразаның құрметі үшін ішіп-жемегені абзал. Етеккір мерзімі аяқталған соң әйел адамдар қаза болған күндерінің қазасын өтейді.

**71. Сұрақ: Ораза кезінде емізулі сәбиі бар аналар не істесе болады?**

**Жауап:** Ислам жеңілдік діні. Құранда: *«Алла Тағала ешкімге шамасынан тыс, көтере алмайтын міндетті жүктемейді»*, – делінген. (Бақара, 184) Сондықтан аяғыауыр немесе емізулі баласы бар аналарға осы жеңілдік аясында ораза ұстамауыларына болады. Бірақ кейін қазасын өтеуі шарт. Хадисте: *«Алла Тағала оразаны және намаздың жартысын жолаушыға жеңілдетті, әрі Ол, аяғы ауыр және емізулі баласы бар әйелдерге оразаны жеңілдетті»*, – делінген.

**72. Сұрақ: Егер ораза кезінде әлсіздікті сезінсе оразаны бұза ала ма?**

**Жауап:** Егер ауыз берік адамның оразаны жалғастыруы ауыр болып жатса, ол күндері оразаны тоқтата тұруға болады. Алайда, жеңіл-желпі қиналғанға бола оразасын бұзуы дұрыс емес. Шын мәнінде өзін жайсыз сезініп, денсаулыққа қауіп төнер болса, аузын ашуға болады (мысалы, дәрігердің айтуымен). Құранда: *«Ол сендерге дінде қиындық қылған емес»*. (Бақара, 78). Әлсіздікті сезініп, оразасын ашқан адам денсаулығы жақсарған соң қаза болған күндерін өтеуі қажет.

**73. Сұрақ: Қарт кісілер мен айықпас науқастардың оразасы қалай болады?**

**Жауап:** Қарт кісілер мен айықпас дертке шалдыққандар ораза ұстаудан босатылады, орнына фидия береді. Фидияны Рамазанның басында не оразадан кейін де беруге болады. Құранда мұндай кісілер *«бір міскіннің тамағын берсін»* деген. Әрбір күннің оразасы үшін бір кедейді таңертең-кешке екі мезгіл тоятындай 30 күн тамақтандырады. Сондай-ақ, пидияның ақшасын кедейге беруіне де болады. Бұл үкім денсаулығының түзелуінен үміт жоқ кісілер мен қарттығынан ораза ұстай алмайтындарға ғана жүреді. Пидия төлейтін де жағдайы жоқ пақыр болса, тәубе-истигфар жасайды.

**74. Сұрақ: Оразаның пидиясын бір кедейге ғана беруге бола ма?**

**Жауап:** Рамазан орасын ұстауға қауқары жетпейтін қарт, немесе созылмалы аурумен ауыратын кісі бір міскіннің қарнын әр күнге екі мезгіл тойдыру арқылы пидия төлемін өтеуі тиіс. Бір айдың пидиясын бір адамға да бірнеше адамға да бөліп беруге болады.

**75. Сұрақ: Ораза кезінде жүрегі айнып құсса, ораза бұзыла ма?**

**Жауап:** Хадисте: *«Кім еркінен тыс құсып қойған болса, оразасының орнын толтырмайды. Ал кімде кім әдейілеп құсқан болса, сол күннің қазасын өтейді»*, – делінген. Демек еріксіз құсса оразасы бұзылмайды.

**76. Сұрақ: Ғайбат айту, өсек тасу немесе біреуге тіл тигізу оразаны бұза ма?**

**Жауап:** Шариғатта біреудің сыртынан жамандап ғайбат айту, сөз тасу үлкен күнә. Алайда оразаның өзін бұзбайды. Хадисте: *«Кімде-кім ораза ұстағанымен жаман әдеттерден тыйылмаса, оның оразасы бекер»*, десе басқа бір риуаятта: *«Ораза – тозақтың қалқаны. Ғайбат айту арқылы бұзбайынша оны қорғайды»*, – деген сияқты хадистердің мағынасын ғалымдар бір ауыздан оразаның өзін бұзады деп түсінбеген. Оразаның сауабы кем болады деп түсіндірген. Демек оразаның негізгі хикметтерінің бірі тек ішіп-жеуден ғана тыйылу емес. Сонымен қатар ғайбат, өсек, өтіріп айту сияқты түрлі күнәлардан да тыйылу екендігін естен шығармаған жөн.

**77. Сұрақ:** Рамазанда балиғатқа толған бала яки мұсылман болған адам не істеуі қажет?

**Жауап:** Олар оразаның қалған күндерін тұтады.

**78. Сұрақ:** Өзге дін өкілі мұсылмандықты қабылдаған күнінің немесе баланың балиғатқа толған күнінің қазасын тұтуы керек пе?

**Жауап:** Жоқ. Ол күннің қазасын тұту шарт емес.

**79. Сұрақ:** Ауызашар берудің сауабы қандай?

**Жауап:** Ауызашар беру сауабы мол амал. Бұл жөнінде хадисте: *«Ораза ұстаған адамды тамақтандырған (ауызашар берген) ораза ұстағанның сауабын алады. Әрі ораза ұстаушының сауабы кемітілмейді»*, – деп сүйіншілеген.

**80. Сұрақ:** Қадір түні дегеніміз не?

**Жауап:** «Қадір» сөзі «үкім түні» мағынасын береді. Демек, қадір түні Алланың тағдырды үкім ететін түні. Құранда: *«Ол кеште барлық хикметті істер айырылады»*, – деген. Қатада: *«Бұл түнде келесі жыл істерінің тағдыры жазылады»*, – дейді. «Қадір» сөзінің тағы бір мағынасы «абырой, бедел». Мұндай жоғары дәрежеге лайық болуының себебі, бұл түннің салмағы мың айдан да қайырлы. *«Қадір түні мың айдан да қайырлы»*, – деп баяндалады. Рамазан келгенде, Алла Елшісі (с.ғ.с.): *«Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түні бейқамдық танытса, оның барлық игілігінен құр қалады. Ал оның барлық игілігінен тек нағыз мақрұм адам ғана айырылып қалады!»*, – деп сүйіншілеген.

**81. Сұрақ:** Ол түнде періштелердің түсетіні рас па?

**Жауап:** «Қадір» сөзінің бір мағынасы «сығылысу» мағынасын береді. Осыған байланысты зерттеуші ғалымдар қадір сөзі тарылу мағынасын да білдіреді деген жорамалдар жасаған. Өйткені бұл түні бүкіл періштелер жер бетіне түскеннен соң, жердің тарлығынан сығылысады. Құранда: *«Періштелер және Жәбірейіл (ғ.с.) періште осы түні Раббыларыңның рұқсатымен барлық іс үшін түседі»*, – дейді. Сол түнгі көктен түсетін періштелердің саны жердегі майда тастардан да көп болады. Пенденің әрбір жасаған дұғасына «әмин» деп тұрады.

**82. Сұрақ:** Қадір түнін қалай атап өтеді?

**Жауап:** Бұл күні жасалуы тиіс сауапты істерді былайша тізбектеуге болады: Намаз оқу. Таһажжуд намазын, қаза намаздарын және әртүрлі нәпіл намаздарды оқыған дұрыс. Хадисте: *«Кімде-кім қадір түнінің қасиетіне сеніп, сауапқа кенелемін деген мақсатта түнін құлшылықпен өткізсе, онда оның өткен күнәлары кешіріледі»*, – деген. Құран оқу. Алладан кешірім тілеп, Одан екі дүниемізде пайдасы тиетін нәрселер сұрау. Дұға жасау. Пікірлеу. Алланың ұлықтығына, Исламның ұлықтығына, Құранның ұлықтығына ой жүгірту, айтылған уағыз-насихаттарды көкейге түйю.

**83. Сұрақ:** Қадір түнінде қандай дұға жасаған абзал?

**Жауап:** Қадір түнінде адам кез-келген дұғасын жасай алады. Қадір түні мұсылман баласы не тілесе де Алла оның дұғасын қабыл ететін ерекше түн. Айша анамыз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): *«Уа, Алланың елшісі, Қадір түнінде қандай дұға жасайын»* деп сұрағанда, Ол кісі (с.ғ.с.): *«Аллаһумма иннәкә афуун кәрим, тухиббул афуа, фаьфу ьанни»* (Алла Тағалам, Сен кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, менің күнәларымды кешіре гөр!), – деп дұға етуге кеңес берді.



#### 84. Сұрақ: Тарауих намазы қандай намаз?

**Жауап:**Тарауих намазы – Рамазан айында оқылатын 20 рәкәғаттық намаз. Үкімі – сүннет муәккәдә (бекітілген сүннет). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Алла Тағала Рамазан айында оразаны парыз етті. Мен де тарауих намазын мұсылмандарға сүннет еттім. Шын иман және ықыласпен Рамазан оразасын ұстаған және тарауих намазын оқыған адам күнәдан анадан жаңа туған нәрестедей пәк болып тазарады»*, – деген. «Тарауих» сөзі «таруиха» сөзінің көпше түрі. Яғни, «аздаған демалу» деген мағынаны білдіреді. Әр төрт рәкәғаттан соң бір сәт демалғаны үшін осылай аталған. Үзірлі жағдаймен оқылмаған тарауих намазының қазасы өтелмейді. Әр екі немесе төрт рәкәғатта сәлем беріп оқылады. Әр төрт рәкәғатта сәлем бергеннен соң демалу уақытында тарауих тасбихын айтса болады. Не болмаса зікір айтса, дұға етсе, тіпті үндемей отырса да болады.

#### 85. Сұрақ: Тарауих намазы қалай оқылады?

**Жауап:**Әуелі Құптан намазының төрт рақәғат парызы, сосын екі рақәғат сүннеті, сосын 20 рақәғат тарауих намазы, сосын үтір уәжіп намазы оқылады. Жамағатпен тарауих намазын оқыған адам имамға ұйып, соның әрекеттерін қайталайды. Имамдыққа шыққан адам немесе жеке оқыған адам мына реттілікпен тарауих намазын төмендегідей оқиды:

1. *«Ниет еттім тарауих намазын оқу үшін қараттым жүзімді құбыла тарапына нағыз Алла үшін иләһи тағала»* деп 20 рақәғаттық тарауих намазына ниет ету;
2. «Аллаһу әкбәр» деп ифтитах тәкбірін айтып, қолдарды кеудеге қою;
3. Оң қолы сол қолының үстіне келетін түрде, қолдарын кеудесіне ұстап, «Субханака» дұғасын айтады: «Субханака Аллаһумма уа бихамдика уә тәбәәрокәс-мукә уә тәәалә жәддукә уә ләә иләәһә ғойрук».
4. «Әғузу» мен «Бисмиллә» дұғасы айтылады. Содан кейін, Құрандағы «Фатиха» сүресі мен қосымша бір сүре оқылады.
5. «Аллаһу әкбар» деп рукуғқа барып, 3 рет «Субхәәна роббиәл ғазим» деп айтады.
6. «Сәмиаллаһу лимән хамидәһ» деп айтып, рукуғтан тұрады. Тік тұрғаннан кейін «Роббәнәә уә ләкәл-хамд» дейді.
7. «Аллаһу әкбар» деп сәждеге барып, 3 рет «Субхәәна роббиәл ағләә» деп айтады.
8. Сәждеден басын көтеріп, отырады.
9. «Аллаһу әкбар» деп екінші сәждеге барып, 3 рет «Субхәәна роббиәл ағләә» дейді.
10. «Аллаһу әкбар» деп екінші рәкәтқа тұрып қолдарын байлап, «Фатиха» мен қосымша бір сүре оқиды.
11. «Аллаһу әкбар» деп рукуғқа барып, 3 рет «Субхәәна роббиәл азим» деп айтады.
12. «Сәмиаллаһу лимән хамидәһ» деп айтып, рукуғтан тұрады. Тік тұрғаннан кейін «Роббәнәә уә ләкәл-хамд» дейді.
13. «Аллаһу әкбар» деп сәждеге барады да 3 рет «Субхәәна роббиәл ағләә» дейді.
14. Сәждеден басын көтеріп, отырады.
15. «Аллаһу әкбар» деп екінші сәждеге барып, 3 рет «Субхәәна роббиәл ағләә» дейді.
16. «Аллаһу әкбар» деп сәждеден басын көтеріп тізерлеп отырады. Отырыста «Әт-тәхият», «Аллаһумма салли», «Аллаһумма барик» және «Раббана» дұғаларын оқиды.
17. Соңында бірінші оң иыққа қарап «Әс-сәләәму аләйкум уа рахматуллаһ» деп сосын сол иыққа қарап дәл солай сәлем береді.

Келесі екі рақәғатты да дәл осы рет бойынша оқиды. Екі рақәғатты толық оқып, сәлем бергеннен кейін аздап тынығады. Осы арада тарауих тасбихын айту ұнамды.

Кімде-кім тарауих намазын әр екі рақәғатта сәлем беріп емес, әр төрт рақәғатта сәлем беріп оқитын болса, алғашқы отырыста «әт-тәхият» дұғасымен қоса, «Аллаһумма салли», «Аллаһумма барик» дұғасын да айтуы керек. Және сәлем берместен «Аллаһу әкбар» деп үшінші рақәғатқа тұрғанда оны «сәнә», «әғузу» және «бисмилләмен» бастап, әрі қарай әдеттегі тәртіп бойынша оқиды.

**86. Сұрақ: Тарауих намазының уақыты қашан?**

**Жауап:** Тарауих намазының уақыты – құптан намазы мен таң атудың аралығында. Құптаннан бұрын оқылған тарауих намазы саналмайды. Тарауих намазын оқудың ең абзал мезгілі – түннің үшінші бөлігі кіруден бұрын. Имам тарауих намазын оқып тұрған болса, кешігіп келген адам алдымен құптанның парызын оқып, кейін тарауих намазына тұрады. Бұл жағдайда құптан намазының сүннетін тарауих намазының отырыстары арасында оқыса болады. Оқымаса, соңынан үтірден бұрын оқып алады. Мешітке бара алмаған жағдайда үйінде тарауих намазын оқуға да болады.

**87. Сұрақ: Тарауих намазының таспихы қандай?**

**Жауап:** Оқылуы: «Субхаанә зил-мулки уәл-мәләкуут. Субхаанә зил-иззәти уәл-азомәти уәл-қудроти уәл-кибриәә и уәл-жәбәруут. Субхаанәл-мәликил-хаййл-ләзии ләә йәмуут. Суббуухун қуддуусун роббунәә уә роббул-мәләәикәти уәрууух. Ләә иләәһә иллаллаһу нәстәғфируллааһ нәсәлукәл жәннәтә уә нәъуузу бикә минәннар».

Қазақша мағынасы: «Патшалық және мүліктер иесі Алла пәк. Үстемдік, ұлылық, құдірет, үлкендік және өктемдік иесі Алла пәк. Өлмейтін (мәңгі) тірі (патшалардың) патша Алла пәк. Өте пәк, тым кіршіксіз Раббымыз, әрі періштелердің Раббы, әрі Жәбірейілдің Раббы, Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ. Алладан жарылқау тілеймін. Я, бір Алла! Сенен жәннат тілеймін және тозақ отынан сақта деп саған сыйынамын».

**88. Сұрақ: Пітір садақа деген не және оның мақсаты қандай?**

**Жауап:** Пітір – оразаның қате-кемшіліктерін толтыратын, Құдайға шүкіршілік ету үшін берілетін және кедейлерді қуантатын садақа. Хадисте: *«Алла елшісі (с.ғ.с.) ораза ұстаған адамды ұнамсыз сөздер мен жағымсыз іс-әрекеттерден тазарту әрі кедейлерді тамақтандыру үшін пітір садақаны міндеттеді. Кім оны (айт) намаздан бұрын берсе, ол зекет болып қабылданады, ал намаздан кейін берсе, жай ғана садақа болып есептеледі»* деген.

**89. Сұрақ: Пітір садақасын кімдер беруге міндетті?**

**Жауап:** Ханафи мәзһабы бойынша Рамазан айында мұсылман адамның өзі және отбасы үшін пітір садақа беруі – уәжіп. Оны қажеттілігін қоспағанда мал-мүлкі, дүниесі күміс нисабына (595 гр) жеткен адам беруі керек. Биылдғы күміс нисабы шамамен 127 мың теңге деп бекітілді. Тұрмысы нашар, яғни артық мал-мүлкі нисаб мөлшеріне жетпеген кісі пітір садақа беруге міндетті емес, сауап үшін беріп жатса өз еркі. Алайда, садақаны өзінен де жағдайы төмен адамға бергені дұрыс. Әйелі және үлкен балаларының жағдайлары жетіп тұрса, олар пітір садақаны өздері үшін береді. Ал олар үшін де пітір садақа берген адам, әлбетте сауаптан құр қалмайды.

**90. Сұрақ: Құрсақтағы баланың атынан да пітір садақасын беру керек пе?**

**Жауап:** Ана құрсағындағы туылмаған бала анасымен бір адам ретінде саналғандықтан құрсақтағы баланың атынан пітір садақасы берілмейді.

**91. Сұрақ: Пітір садақа қалай есептеледі?**

**Жауап:** Пітір садақа 2 келі бидай (ұн, талқан т.б.) не мейізбен, немесе 4 келі құрма не арпамен есептеледі. Дегенмен азық-түліктің орнына пітір садақаның құнын бергені абзал. Қазіргі таңда бидайдың өзі емес, ұн, талқан секілді оның өнімдері кең қолданылады. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы пітір садақаны ұнмен есептеуге пәтуа берді. Өйткені шарифатта бидаймен қатар оның өнімдерімен де пітір садақа беруге рұқсат етіледі. Сондай-ақ, хадистегі «бір сағ» өлшем бірлігі – 4 келі, «жарты сағ» 2 келі деп бекітілді.

**92. Сұрақ: Пітір садақасы кімдерге берілуі тиіс?**

**Жауап:** Пітір садақаны Құранда айтылған жағдайы жоқ жандарға, ештеңесі жоқ міскінге, зекет жинауға тағайындалған белгілі адамдарға, қарызға батқандарға, Алла жолында қызмет етіп жүрген азаматтарға, қаржылары бітіп, жолда қалған жолаушыларға берсе құба-құп. Әкешесіне, ата-әжесіне, әйеліне, өзінің ұл-қыздарына, олардан туған немерелеріне садақа беру дұрыс емес. Пітір садақаны алдымен бауырларына, туыстарына, ағайындарына, көршілеріне берген абзал. Одан артылып жатса немесе беретін жері болмаса, мешітке апарып берсе де болады. Бұл үрдіс бізде бұрыннан қалыптасқан. Мешіт оны мұқтаж жандарға үлестіреді және дін жолында пайдаланады.

**93. Сұрақ: Айт мейрамдары жайлы айтсаңыз?**

**Жауап:** Айт – мұсылмандардың ұлы мейрамы. Ислам дінінде екі айт мейрамы бар. Ол Ораза айт және Құрбан Айт деп аталады. Ораза айт отыз күн ораза біткеннен кейін шәууал айының 1 күні таңертең айт намазын оқумен басталып, халық арасында қалыптасқан дәстүр бойынша 3 күнге дейін дастархан жайылып, айттаумен жалғасын табады. Айт намазына дейін әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларының да мереке күндері дастархан жайып халықпен бірге қуанулары үшін пітір садақалары таратылады. Араздасқандар татуласады. Ал Құрбан айт 4 күнге жалғасады. Айт намазы оқылған соң Алланың разылығы үшін ұлық құлшылық болған құрбан шалу рәсімі жалғасады. Мерекелік дастархандар жайылып, халық құрбандық еттерінен дәм татады.

**94. Сұрақ: Ораза айт күні қандай амалдар жасалады?**

**Жауап:** Ораза айт күні айт намазына дейін пітір садақасын әлі бермегендер болса, пітір садақасын беріп үлгеруі тиіс. Намазға шығар алдында құрма жеп, тәкбір (Аллаһу Әкбар) айтып мешітке барады, айт намазын оқиды. Жаңа киім киіп, ғұсыл құйынып, әтірленіп, қуаныш пен шаттықты көрсетіп, мұсылмандар бір-бірін құттықтайды. Ораза айт кезінде мерекелік дастархан жасап, туыстар мен дос-жарандарды қонақ етеді.

**95. Сұрақ: Ораза Айт мерекесі күні сәресіге тұрып, ауыз бекіту қажет пе?**

**Жауап:** Мұсылмандар арасында Ораза айт намазына барарда әдеттегідей сәресі ішіп, ауызды бекітіп бару керек деген ұғым кең тараған. Алайда, айт күні Рамазандағыдай сәресі ішудің қажет жоқ. Шариғатымызда мұндай міндет жоқ. Тек, айт намазына шығарда тақ санды: тақ; бір, үш, бес, жеті құрма жеп шығу Пайғамбарымыздың сүннеті болып табылады.

**96. Сұрақ: Айт күндері ораза ұстауға бола ма?**

**Жауап:** Ораза айттың бірінші күні және құрбан айттың бірінші және одан кейінгі үш яғни ташриқ күндері ораза ұстауға тыйым салынады. Себебі қуаныш пен шаттыққа толы бұл қос мейрамда мұсылмандар көтеріңкі көңіл-күймен мерекеге тән жарасымды да сауапты амалдар жасаумен өткізеді. Ал оразаның қазасын айттан кейін кез келген күні, келесі жылдың ораза айына дейін өтеуге болады.

**97. Сұрақ: Рамазаннан соң келетін нәпіл оразаны қалай ұстайды?**

**Жауап:** Хадисте: *«Кімде кім Рамазан айының оразасынан соң Шәууәл айында 6 күн ораза ұстаса, бір жыл ораза ұстағандай болады»*, - деп сүйіншілеген. Бұл оразаны Шәууәл айында бөліп-бөліп ұстауға болады. Сол секілді, бірден арасын үзбей ұстауына да болады.

**98. Сұрақ: Бірінші қаза оразаны ұстайды ма әлде Шәууәлдің оразасын ұстайды ма?**

**Жауап:** Рамазанда түрлі себептермен кей күндерін қаза етіп алған адам Шәууәл айында әуелі Рамазанның қазасын өтеуіне де, сонымен бірге Шәууәлдің алты күндік нәпілін ұстаса да



болады. Дегенмен, Рамазан оразасын толығымен ұстау Алла Тағаланың бұйрығы екенін ескерген жөн. Ал, Шәууәл айында 6 күн ораза тұту Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті болғандықтан алдымен оразаның қазасын өтеу абзал. Себебі адамның белгіленген ажалы айтпай келетіндіктен, алдымен парыз оразаның қазасын толық өтеп, нәпіл оразаны одан кейін ұстаған дұрыс. Бұған қоса жоғарыда келтірілген хадисте «Рамазан оразасынан соң Шәууәл айында 6 күн ораза ұстаса» делінгенін ескерсек, әуелі Рамазанның қазасын өтеудің абзалдығын ұғамыз.

### 99. Сұрақ: Зекет деген не?


**Жауап:** Зекет – араб тілінен енген сөз. Бұл сөздің тілдік мағынасы «көбею, өсу, тазару» дегенді білдіреді. Құранда: *«Расында, өз нәпсісін тазартқан кісі (тозақ азабынан) құтылды»*, – деп зекет берудің тазару мағынасында қолданылғандығы бұған дәлел. Ал, зекеттің шарифаттағы терминдік мағынасы: *«Нисап көлеміне жететін дәулеті бар мұсылманның Алла разылығы үшін байлығының бір бөлігін шарифатқа сай жылына бір мәрте Құранда көрсетілген топтағы адамдарға беру»* дегенді білдіреді.


### 100. Сұрақ: Не үшін зекетті Рамазан айында берген абзал?

**Жауап:** Хадисте: Рамазан айына қатысты «Адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады», – делінген. Демек, өзге айларға қарағанда бұл ай – сауаптар еселеніп жазылатын игілікке толы ай болғандықтан Ислам ғалымдары осы айда берген абзал деген тұжырымдама жасаған. Деседе зекет парызын өтеу үшін белгілі бір ай немесе күн бекіту міндетті емес. Ең бастысы зекет парыз болу үшін нисап мөлшеріндегі байлығына бір жыл толған болуы керек. Алайда бір жыл толмасада алдын ала беруіне рұқсат.

 **Сұрақтардың жауаптары** – ҚМДБ қарасты [muftyat.kz](http://muftyat.kz), [fatua.kz](http://fatua.kz), [nurgasyr.kz](http://nurgasyr.kz), [mazhab.kz](http://mazhab.kz) сайттарынан және [islam.kz](http://islam.kz) сайты мен «Ислам ғылымхалы» кітабынан алынды.

Құрметті ораза ұстаушы! Сіздер үшін «Нұр Ғасыр» мешітінің ұжымы «Рамазан 2020» қосымшасын әзірлеп ұсынады. Сіз бұл қосымшадан оразаға қатысты сұрақтарыңызға жауап табасыз.

 Play Market-тен «nurgasyr.kz» деген атпен табуға болады. «Рамадан» атауымен қосымшалардың көптігінен және бұл қосымша жақында шыққандықтан Play Market тізімінен шықпай жатыр. Сондықтан әзірге «nurgasyr.kz» сөзі арқылы кіріп жүктеп алуға болады.

 Сонымен қатар мешітіміздің діни қызметкерлері көкейтесті сауалдарыңызға **+7(700)095-09-00 телефон желісі** арқылы жауап береді. Сұрақтарға жауап беру уақыты: **09:00-21:00 аралығы**.

Баршамыздың ұстаған оразаларымыз бен оқыған тарауих намаздарымызды және берген зекет пен пітір-садақаларымызды қабыл етсін! Әумин!

**Құрметпен,  
«Нұр Ғасыр» мешітінің ұжымы**